

Тендер өткізу туралы хабарландыру

«Атырау жылу электр орталығы» АҚ 2020 жылға тендер арқылы конкурс әдісімен сатып алу туралы хабарлайды:

Лот №96 «ст.№13 турбоагрегаттың байланыс орамдарының схемасын V(жұлдыз)-дан V(үшбұрыш) –қа ауыстыра отырып, ТС-63-2В3 сериялы генераторын толық жинақтау».

Сатып алынатын жұмыстың көлемі, өлшем бірлігі: техникалық тапсырмада көрсетілген.

Лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген қосылған құн салығын есепке алмағанда, барлық шығыстарды ескере отырып, оның ішінде тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды төлеуге бөлінген теңгедегі жалпы сома: 16 964 285,71 теңге ҚҚС-сыз.

Сатып алынатын жұмыстың мерзімі мен орны: 2020 жыл ішінде, Атырау қаласы, З.Қабдолов даңғылы, 9.

Төлем шарттары: Тапсырыс беруші жұмыс үшін ақшалай қаражатты Мердігердің есеп шотына аудару жолымен, қызметті ұсынған факті бойынша, Мердігердің фактура-шотының негізінде 360 банктік күн ішінде төлейді.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді ұсынған кезде сонымен бір мезгілде оның тендерлік өтінімде ұсынған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының 1% (бір) мөлшерінде кепілді қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттармен енгізеді.

Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізу деректемелері: №KZ526017141000000939 БСК HSBKZKX «Қазақстан Халық банкі» АҚ, БСН 970740002267.

Төлем мақсатында көрсетіледі: «№96 лот бойынша тендерге қатысу үшін кепілдік жарна».

Әлеуетті өнім берушілердің тендер (конкурс) өтінімдері Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9, 4 қабат, экономикалық анализ бөлімі кабинетінде 1 қыркүйек 2020ж. сағат 12:30 дейін қабылданады.

Тендерлік (конкурс) өтінімдері бар конверттер Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9, 4-қабат, акт залында 1 қыркүйек 2020ж. сағат 14:30 ашылады.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тендерлік (конкурс) өтінімді, сатып алу туралы шартты жасасу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар: тендерлік өтінім қазақ немесе орыс тілінде ұсынылсын.

«Атырау жылу электр орталығы» АҚ, 060005, ҚР, Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9.

ahps@mail.ru

Тендер (конкурс) комиссиясының хатшысы: Муканова Жұлдыз Махамбетқызы. Экономикалық анализ бөлімінің басшысы, тел: 30 72 68, эл.почта: tec.zakup@gmail.com.

Қосымша жалғанды:

1. Сатып алынатын жұмыстардың техникалық сипаттамасы;
2. шарт жобасы.

«АЖЭО» АҚ президенті

Аленов М.К.

№96 «ст.№13 турбоагрегаттың байланыс орамдарының схемасын V(жұлдыз)-дан V (үшбұрыш) –қа ауыстыра отырып, ТС-63-2В3 сериялы генераторын толық жинақтау» лоты бойынша 2020 жылға сатып алынатын қызметтің техникалық сипаттамасы

Сатып алу (лот) номері мен атауы: №96 «ст.№13 турбоагрегаттың байланыс орамдарының схемасын V(жұлдыз)-дан V (үшбұрыш) –қа ауыстыра отырып, ТС-63-2В3 сериялы генераторын толық жинақтау».

Сатып алатын тауар, жұмыс, қызметтердің саны (көлемі):

N п/п	Жұмыстар мен шығындар атауы	Өлш.бірлігі	Саны	Орындау мерзімі
1	3	4	5	6
	Статор			
1	Статор орамаларының стерженьдерін тексеру	ст.	1	2020 жыл ішінде
2	Статордың алдыңғы бөліктерінің бандаж байламдарын тексеру	ст.	1	
3	Статордың темірі мен орамын тексеру	ст.	1	
4	Білік сақиналары мен ротор орамаларының ток өткізгіштерін ақаулы герметикалық бөлшектерін газдың тығыздығын тексерумен ауыстыру арқылы жөндеу	ст.	1	
5	Байланыс орамдарының схемасын V(жұлдыз)-дан V (үшбұрыш) –қа ауыстыру	ст.	1	
	Ротор			
6	Ротордың оқшаулау орамдарының жағдайын тексеру			
7	Ротордың вентиляциялық каналын үрлеу			
8	Ротордың темірі мен банжад сақиналарын бояу			
	Газ салқындатқыштар			
9	Газ салқындатқышты резенкелерін ауыстыра отырып гидравликалық беріктікке тексеру			
10	Салқындатқыштың рамасын монтаждау және тексеру			
11	Салқындатқышты монтаждау			
	Щиттар мен диффузорлар			
12	Диффузорларды жөндеу			

13	Май ұстағыштың щиттарын жөндеу		
14	Негізгі щитті жөндеу және түзеу		

Тауар жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету орны: Атырау к., Атырау к.,
З.Кабдолов даңғылы,9 .

Тауар жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету мерзімі: 2020 жыл ішінде.

Тендер комиссиясының төрағасы



Омарова Г.О.

« 14 » 08 2020ж.